

Мария Монтессори



Мария Монтессори италиялық дәрігер әйел. Бұл жүйені осыдан 100 жыл бұрын сол ойлап тапқандықтан, соның атымен аталады. Қазіргі кезде Монтессори жүйесін 146 мемлекет қолданады. Бұл жүйе бойынша 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар зейінін, шығармашылық және логикалық ойлау қабілетін, есте сақтауды, сөйлеуді, елесте-туді, қимылды дамытады.

Монтессори әдістемесінің маңызды ерекшелігі

Монтессори әдістемесінің маңызды ерекшелігі – баланың жеке қабі-летін көрсете алатын және көрсеткісі келетін арнайы ортаны құру. Бұл Монтессори ортасы деп аталады. Бұл ортада психоло-гиялық жайлылық, таңдау ерік-тілігі және педагогтің сабырлы адамгершілігі салтанат құрады.

Монтессори технологиясын қолданудың әдіс-тәсілдері

Мария Мантессори -1870 жылы 31тамыз айында дүниеге келген.

Итальяндық педагог,әрі ғалым.Ол балаларды еркін тәрбилеу идеясын жасап, өмірге енгізді.1896ж Рим Университетінің медициналық факультетін бітіргеннен кейін М.Монтессори Италиядағы әйелдерден шыққан бірінші медицина докторы болып табылады.

Монтессори бөлмесінде

«Барлығымен еркін айналыс, бірақ басқаларға кедергі жасама» деген ереже үнемі сақталады. Бүгінде осы әдіспен жұмыс істейтін балабақшалар көптеп ашылып жатыр. Балабақшадағы ұстаздар міндетті түрде дайындық курсынан өтеді. Монтессори әдісінде сыныптық сабақ системасы жоқ, мектеп партасының орнына жеңіл қозғалатын столдар мен отырғыштар, кілемшелер қолданылады. Монтессори ұстаз баланың өз бетімен жұмыс жасауын қадағалайды. Монтессори әдісі үш негізгі бөлімнен тұрады: бала, қоршаған орта, ұстаз.

Монтессори ұстазының міндеті

**балаға өз жұмысын басқаруға
көмектесу;
негізгі түстерді айыра білуге үйрету;
ұсақ моториканы дамыту;
алғашқы математикалық, ғарыштық
түсініктерді қалыптастыру;
зейінін тұрақтандыру;
тәртіпке үйрету;**

Монтессори бөлмесі 5 аймаққа бөлінген:

- 1. Сенсорлық аймақ.**
- 2. Математика-лық аймақ.**
- 3. Күнделікті өмір жаттығулары аймағы.**
- 4. Тілдік аймақ.**
- 5. Ғарыштық аймақ.**

«М.Монтессори технологиясын қолданудың әдіс - тәсілдері»

XXI ғасыр табалдырығын біліммен ғылымды инновациялық Технологиялық Бағытты дамыту мақсатымен атауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды. Жас ұрпаққа мән - мағыналы, өнегелі тәрбиемен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы екені бәрімізге белгілі.Баланың жеке тұлға Ретіндегі дамуы

Өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой – өрісінің кеңеюі Балабақша қабырғасында басталатыны сөзсіз. Қай кезеңде болмасын балабақшада Монтессори әдісі еш уақытта орнын жоғалтқан емес. Бала табиғатында білуге құмар, тумысынан-ақ өсуге, жетілуге ұмтылысы басым. Сондықтанда қарқынмен дамып бара жатқан мына заманда Балабақшадағы педагогтардың ұлттық қалып, ұлттық мінезді сақтай отырып, бала тәрбиесінің Әдістерін тынбай ізденіп, жиі жаңартып отыруы заңдылық.

**Жаттығулардың негізгі мақсаты:
баланы қоршаған ортаға деген жауапкершілік
қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.**

**Тәжірибелік жолмен іске асатын
жаттығулардың түрлері:**

- 1. Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю.**
- 2. Металды тазалау.**
- 3. Кесілген гүлдерді күту жолдары.**
- 4. Бір сызықтың бойымен жүру.**
- 5. Тыныштандыру жаттығулары.**
- 6. Қоғамдық өмірге қатысы бар жаттығулар.**

Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю
Керекті құралдар: поднос, шүберек, лейка
Мақсаты: Қозғалыс жүйесін дамыту, қоршаған әлем ішінде тепетендікті сақтауға үйрету. Жас мөлшері 3 жастағы балалар. Материалмен жұмыс жасау жолдары: лейка суға толтырылады. Мұғалім лейканы қолына алып жоғары көтереді. Ыдысқа суды құяды. Лейканы қайтадан үстел үстіне қойып, ыдыстағы суды қайтадан лейкаға құйды. Төгіліп қалған суды сүртіп отыру қажет.

Сезім мүшесін дамытатын материалдар:

Сезім мүшесін дамытаты материалдар: әр сезім мүшелерін дамытуды ұсынады. Бұл материал арқылы заттардың көлемін, түсін, өлшемін, дыбысын ажырата алады. Жеңілден ауырға көтеру ұғымы қолданылады. Бала моторикасымен сенсорикасын жаттықтыру үшін материалды қайталауға тура келеді. Материалды қолданған соң бала жоспарлау, дайындау, бір тапсырманы соңына дейін орындауға

Сабақ 3 құрылымнан тұрады:

- 1. Көлемін анықтауға арналған материалдар;**
- 2. Бір сызықтың бойымен жүру;**
- 3. Тыныштандыру жаттығулары;**

Сабақ балаға өзін-өзі танытуға талпындырады.

1.Көлемін анықтауға арналған материалдар:

Ойынның түрі «Қызғылт башня»

Керекті құралдар: «Қызғылт тбашня» 10 шаршыдан құралады (ауырағаш, қызғылттүс) шаршының мөлшері 1см-ден 10 –смге дейін барады.

Мақсаты: үлкен, кішкентай түсініктері қалыптасады.

Моторикасын дамытады. Жас мөлшері 3 жастағы балалар.

Материалмен жұмыс жасау жолдары:кілемнің

үстінде шаршылар шашылып жатады.Тәрбиеші

баланың алдына ең үлкен шаршыны қояды,

Ал бала сондай шаршыны сол шаршының үстіне

қою керек.

1. Затты дұрыс атауға үирету.

2. Заттың атына тауып бала сол затты алып келеді.

3. Затты атап жаттығады.

Математикалық материалдар математикалық материалдар ойлау

қабілетінің дамуына көп септігін тигізеді. Бала ең алғашқыда көптеген

заттар мен жұмыс жасау арқылы өз білімін жетілдіреді. Монтессори

материалы сезімді дамытады, оған қоса математика әлеміне жетелейді.

Бала мұнда математикалық ұғымдарды тез игереді.

Сан және онға дейін

санау жүйесін тез игереді. Математикалық монтессори материалы

баланы сенсомоторлық ішкі қажеттілігіне сүйене

Математикалық монтессори материалы баланы сенсомоторлық ішкі қажеттілігіне сүйене отырып қанағаттандыру жолдарыніздеугетырысады.Математикалық материалды пайдалану жүйесін білген соң, түрлі қиын тапсырмаларын қиындықсыз орындайды.

Мысалы:ашық түсті моншақтарды пайдалану арқылы сан құрамымен пішін туралы түсініктері пайда болады.Ойынның аты: «Сылдыр қағаздағы сандар»Керекті құралдар: ағаш кестелер, сылдыр қағазға 0-9-ға дейін сандардың атауларымен таңбаларымен таныстыру.Қол икемділіктерін дамыту.Жас мөлшері: үш жастағы балалар.

Педагогикада мектепке дейінгі әсіресе сәбилік жаста ерекше назар аударатын түрі- заттық орта. Заттық орта әртүрлі: ақыл-ой, эстетикалық, елжандық, дене, адамгершілік т.б тәрбие түрлерімен қоса жеке тұлғаның дамуына негіз болады. Соған байланысты заттық ортаны мектепке дейінгі педагогикалық құрамның бір бөлігі деп айтуға болады